

**Бастауыш кәсіптік білім ұйымдарының қызметін тәртіпке келтіретін нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2000 жылғы 15 мамырдағы N 463 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 5 тамызда N 1215 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан үзінді-----

*Нормативтік құқықтық базаны қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Қоса беріліп отырған тізім бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.*

*2 . . . . .*

*3. ...*

*Министр*

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы*

*N 145 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі*

*1. "Бастауыш кәсіптік білім ұйымдарының қызметін тәртіпке келтіретін нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі қызметін атқарушының 2000 жылғы 16 мамырдағы №N 463 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1215 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетені, 2000 ж., N 10, 269-құжат, 270-құжат) .*

*2 . . . . .*

*3 . . . . .*

*4 . . . . .*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1013 " Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Р991013\_ қаулысын жүзеге асыру мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса тіркелген (N 1, 2 қосымшалар) бастауыш кәсіптік білім

ұйымдарының қызметін тәртіпке келтіретін нормативтік-құқықтық актілер бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы кәсіптік мектептерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ереже;

2) Қазақстан Республикасы кәсіптік лицейлерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ереже.

2. Бастауыш және орта кәсіптік білім департаменті (Қ. Лекер) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармалары (департаменттері) меншік және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, осы

бұйрықты барлық бастауыш кәсіптік ұйымдарының басшыларына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә.С. Ахметовке жүктелсін.

Министрдің міндетін  
атқарушы

Білім және ғылым министрлігінің  
2000 жылғы 15 мамырдағы N 463  
бұйрығына қосымша N 1

Қазақстан Республикасы кәсіптік мектептерінің қызметін  
ұйымдастыру тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының кәсіптік мектептері үшін, меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан типтік б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Кәсіптік мектеп - жалпы орта, бастауыш кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша білікті еңбек қызметкерлерін даярлауды қамтамасыз ететін орта о қ у р н ы .

3. Кәсіптік мектеп Қазақстан Республикасындағы барлық азаматтарға өзінің қабілеті, бейімділігі, денсаулығының жағдайына қарай кәсіптер, мамандықтар, біліктіліктер а л у д а т ең м ү м к і н д і к б е р е д і .

4. Кәсіптік мектептегі оқу мерзімі 2-3 жыл.

5. Қазақстан Республикасының кәсіптік мектептері алдында тұрған міндеттері :

1) бастауыш кәсіптік және жалпы орта білім беру бағдарламаларын меңгеру ү ш і н ж а ғ д а й т у ғ ы з у ;

2) жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салты мен берік адамгершілік негіздерін қалыптастыру, дара ерекшеліктерін дамытуға жағдайлар жасау арқылы интеллектісін байыту;

3) оқушыларды азаматтық пен елжандылыққа, өз Отанына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді қастерлеуге, халық дәстүрлерін сыйлауға, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне сапалы к ө з қ а р а с ы н қ а л ы п т а с т ы р у ;

5) әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру;

6) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;

7) еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

8) жұмыссыздар мен жұмыстан босаған қызметкерлерді қайта оқыту және қ а й т а д а я р л а у ;

9) жартылай қызмет көрсетуші білім беру ұйымы ретінде оқу орнын тиімді д а м ы т у .

6. Кәсіптік мектептер:

1) мемлекеттік (білім беру мекемелері мен білім кәсіпорындары);

2) мемлекеттік емес (жеке меншік, Қазақстан Республикасы аумағында

тіркелген қоғамдық және діни бірлестіктердің білім беру ұйымдары);

3) халықаралық болуы мүмкін.

7. Кәсіптік мектепті құру, қайта құру және тарату жұмыстары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

8. Кәсіптік мектеп білім беру құқығын ендіру лицензиясын республикалық маңызы бар қалалар мен астананың, облыстық білім басқармалары (департаменттері) береді.

9. Кәсіптік мектеп өзінің қызметін Конституцияға және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметі актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүргізеді.

10. Кәсіптік мектеп меншікті мүлкі, аты мен мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі, мемлекеттік тілде өзінің аты жазылған мөртаңбасы (белгісі), сондай-ақ, банктерде есеп-шоты бар заңды тұлға болып табылады.

11. Кәсіптік мектеп Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы "Білім туралы" Заңы мен осы Ереже негізінде құрылтайшысы бекіткен өз жарғысын жасайды.

## 2. Оқушыларды қабылдау және бітірту тәртібі

12. Оқушыларды қабылдау тәртібін, білім саласындағы орталық атқарушы органдар бекіткен, аталған оқу орнына оқушыларды қабылдау туралы үлгі Ережеге сәйкес, кәсіптік мектептер белгілейді.

13. Мемлекеттік кәсіптік мектептер оқушылары, жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша, жатақханамен және жолаушы көліктеріндегі жеңілдіктермен қамтамасыз етілуі мүмкін.

14. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды оқыту мемлекеттік тұрғыда толық қамтамасыз етіледі.

15. Оқу орнының жарғысында немесе шартта (контрактіде) қарастырылған ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін оқушыларға жазалау шаралары қолданылады.

16. Толық оқу курсы ойдағыдай аяқтаған, жалпы білім беретін және кәсіптік циклдағы пәндерден, өндірістік оқудан оң қорытынды бағалары бар кәсіптік бастауыш білім беретін оқу орнының оқушылары бітіру емтихандарын тапсыруға жіберіледі.

Емтихандарды тапсырудан босатуға құқық берілетін ауру түрлеріне сәйкес, сырқаты туралы медициналық комиссияның қорытындысы негізінде ғана теориялық пәндерден емтихан тапсырудан босатылады.

17. Кәсіптік мектептер оқушыларды аралық аттестациядан өткізудің формасын, тәртібін және кезеңдерін таңдауға ерікті.

Оқушылардың кәсіптік мектептегі кәсіптік бастауыш және жалпы орта білім бағдарламаларын меңгеруі, қорытынды мемлекеттік аттестациядан өту арқылы аяқталады.

Бітіру емтихандары білім беру саласындағы орталық атқарушы органдар бекіткен тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

18. Кәсіптік мектепті бітірушілерге меншік формасы мен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, қорытынды мемлекеттік аттестациядан өткеннен кейін, білім мен мамандық деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар беріледі.

19. Оқу жоспарындағы пәндердің 75 пайызынан астамынан 5 (өте жақсы) деген бағасы бар, ал қалғандарынан 4 (жақсы) деген баға алған, қорытынды мемлекеттік аттестациядан 5 (өте жақсы) деген баға алып өткен кәсіптік мектеп бітірушілеріне үздік диплом беріледі.

20. Кәсіптік мектепті бітірушілер ұқсас мамандықтарына сәйкес қысқартылған, жеделдетілген білім беру бағдарламалары бойынша кәсіптік орта білім ала алады.

21. Егер кәсіптік мектепті (лицейді) бітірген күні мен жұмысқа орналасқан күні арасында мерзім бір айдан аспаса, онда кәсіптік мектепте оқыған уақыты жалпы еңбек стажына, сондай-ақ, үзіліссіз еңбек стажына есептеледі.

22. Әр түрлі себептерге байланысты, оқудың толық курсы аяқтамаған және белгілі деңгейде біліктілігі бар оқушыларға белгіленген үлгідегі анықтама берілуі.

23. Қазақстан Республикасындағы кәсіптік оқу орнын бітіргендігі туралы құжаттың республикадан тыс жерлерде мойындалуы, халықаралық шарттар (келісімдер) негізінде жүзеге асырылады.

### 3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

24. Кәсіптік мектептегі оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш және орта кәсіптік білім стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің күнтізбелік кестесін жасау мен бекіту кәсіптік мектеп құзыретіне кіреді.

26. Кәсіптік мектепте білікті жұмысшыларды даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін көтеру мәселелері оқу орнының жұмыс берушілермен, жұмыспен қамту қызметі мен жеке азаматтармен бірге анықтаған кәсіптер (мамандықтар) және кәсіптер тобы бойынша жүзеге асырылады.

27. Кәсіптік мектептерде оқу төмендегідей нысандарда жүзеге асырылады: күндізгі, сырттай, кешкі оқу, дистанциялық оқыту және экстернат.

Кәсіптік білім алудың әркелкі түрлерін ұштастыруға жол беріледі.

28. Мемлекеттік кәсіптік мектептерде оқу қазақ тілінде, ана тілінде және орыс тілдерінде жүргізіледі, мұның өзі қажетті сәйкес оқу бөлімдерін құруды, сонымен бірге олардың қызмет етуіне жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік емес кәсіптік мектептерде оқу тілі (тілдер) олардың құрылтайшылары арқылы анықталады.

Меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, кәсіптік мектептер мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту мен дамытуды, сондай-ақ, орыс тілін және бір шетел тілін оқып-үйренуді қамтамасыз етуге тиіс.

Ұлттық топтар үшін олардың ана тілдерін оқып-үйренуіне жағдай жасалады, ал олар жинақы тұратын жерлерде өз тілдерінде оқытатын кәсіптік мектептер немесе құрылымдар (бөлімдер, топтар) құрыла алады.

29. Кәсіптік мектептегі оқу сабақтары 1 қыркүйекте басталып, 1 шілдеге дейінгі аралықта аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы 52 оқу аптасы. Оқу жылы бойындағы демалыстардың ұзақтығы 11 аптадан аспауы керек.

Оқушылардың апталық оқу жүктемесі 36 сағаттан аспауы керек.

Оқушылардың жекелеген санаттары үшін сабақтың басталуы оқу топтарының жасақталу шамасына қарай жұмыс берушілермен келісім-шарт негізінде белгіленеді.

30. Оқу топтары мамандықтар бойынша 25 адамнан аспайтын көлемде жасақталады, бюджеттен тыс қаржыларды пайдалану кезінде жергілікті басқару органдарымен келісім негізінде шағын оқу топтары құрылады.

31. Жекелеген пәндерді, оның ішінде дене тәрбиесі мен тілдерді оқытудағы теориялық және лабораториялық-практикалық сабақтар кезінде топ екіге бөлінеді.

Топтарға бөлініп оқытылатын пәндердің тізімі оқу жоспары бойынша анықталады. Теориялық оқу сабағының ұзақтығы 45 минут, қажет болған кезде кәсіптік циклдағы пәндер бойынша ортасында 5 минуттық үзіліс бар жұп сабақтары өткізіледі, ал 2 сабақтан кейінгі үзіліс 10 минутқа созылады.

Өндірістік оқу сабақтарында топ екі кіші топтарға бөлінеді, ал кіші топтардағы оқушылар саны мамандықтар, күрделі жабдықтармен жұмыс істеу, қауіпті жұмыстарды орындау сияқты жағдайларға байланысты анықталады.

Өндірістік оқу сабақтарының ұзақтығы 10 минуттық үзілісімен 90 минут болады. Теориялық, практикалық сабақтардың кезектестірілуі оқу жоспарына қарай анықталады.

32. Оқушылардың өндірістік оқуы оқу-өндірістік шеберханаларда, зертхана, полигондарда, оқу орнының тәжірибе шаруашылықтарында, құрылыс объектілерінде, егіс даласында, тапсырыс берушілердің кәсіпорындарында,

фермаларында жүргізіледі.

Оқу бағдарламаларына сәйкес өндірістік оқу процесінде және сабақтан тыс уақытта келешекте сату мақсатында өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы өнімдерін шығаруды ұйымдастыру қарастырылады.

33. Оқушылардың кәсіптік практикасы теориялық оқыту процесінде алынған білім және біліктілігін бекітуге, кәсіптік тәжірибенің практикалық дағдыларын меңгеруге бағытталған.

Кәсіптік практика, практика базасы болып табылатын ұйымдарда өткізіледі.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімі мен мазмұны оқу жоспарларымен, бағдарламаларымен белгіленеді. Практиканы ұйымдастырудың күнтізбелік кестесі ұйымдармен шарт негізінде келісу арқылы бекітіледі.

Шарттарда практика базасы болып табылатын ұйымдардың, кәсіптік мектептердің және оқушылардың міндеттері белгіленеді.

#### 4. Кәсіптік мектепті басқару

34. Кәсіптік мектепті басқару Қазақстан Республикасының Заңына, осы Ережеге және оқу орнының жарғысына сәйкес жүргізіледі.

Кәсіптік мектепті басқару алқалық пен дара бастылық принциптері негізінде жүзеге асырылады. Алқалық басқару түрлеріне: кәсіптік мектептің кеңесі, қамқорлық жасаушы кеңес, жалпы жиналыстар және педагогикалық (әдістемелік) кеңес, т.б. жатады.

Кәсіптік мектепті тікелей басқаруды Қазақстан Республикасының заңдары бекіткен тәртіпте құрылтайшы тағайындайтын басшы жүргізеді.

35. Кәсіптік мектеп басшысы өзінің орынбасарын, білім беру басқармаларының өкілетті органдарымен келісе отырып тағайындайды және қызметтен босатады.

36. Кәсіптік мектеп оқу-тәрбие процесін, мамандарды таңдауды және орналастыруды, ғылыми, шаруашылық-қаржыландыру және тағы да басқа қызметтерді Қазақстан Республикасында белгіленген заңдар шегінде өздігінен, дербес жүзеге асырады.

37. Кәсіптік мектеп ұжымы қызметкерлерінің құқығы мен міндеттері, ұйымның жарғысы, ішкі тәртіп ережелері және лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады.

5. Мемлекеттік кәсіптік мектептердің қызметін қаржылық-шаруашылық және құқықтық жағынан қамтамасыз ету

38. Мемлекеттік кәсіптік мектепті қаржыландыру, Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекіткен қаржыландыру нормативтерінің негізінде бір білім алушыға шаққандағы бюджет есебінен жүзеге асырылады.

39. Мемлекеттік кәсіптік мектеп Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ақылы білім беру қызметін көрсетуге құқылы.

Ақылы білім беру қызметін, мемлекеттік білім беру тапсырысының шеңберінде қаржыландыратын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетуге б о л м а й д ы .

40. Мемлекеттік кәсіптік мектеп өзге қаржылық және материалдық түсімдерді , оның ішінде валюталық түсімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ұстауға құқылы.

41. Ақылы білім беру қызметінен түсетін қаржыны қалыптастыру, пайдалану, есепке алу, есеп беру және бақылау, қаржылық, материалдық, сондай-ақ валюталық түсімдер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі арқылы а н ы қ т а л а д ы .

42. Кәсіптік мектеп өзінің жарғысында анықталған тәртіппен мүліктерді пайдалануға және иелік етуге құқылы.

43. Кәсіптік мектептер басқару құрылымын, штаттық кестесін бекітеді, қызмет міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасы заңдарындағы белгіленген тәртіппен жалақы ставкасы мен лауазымдық айлықақылары, оған қосылатын үстеме ақы мен қосымша ақы, оларға сыйлық берудің тәртібі мен

мөлшерін белгілейді.

44. Мемлекеттік емес кәсіптік мектептерді қаржыландыру білім беру қызметін сату, құрылтайшылардың қаражаты және Қазақстан Республикасы Заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

45. Мемлекеттік емес кәсіптік мектептер білім беру қызметін көрсеткені үшін, соның ішінде мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқытқаны үшін ақы алуға құқығы бар.

## 6. Кәсіптік мектептердің халықаралық қызметі

46. Кәсіптік мектептердің халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңдары және халықаралық шарттар, келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

47. Кәсіптік мектептер Қазақстан Республикасы заңдарымен бекітілген тәртіпте шетелдік білім, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен ынтымақтастық туралы екі жақты және көп жақты шарттар жасасуға, білім саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен (қауымдастықтармен) тікелей байланыс жасауға құқылы.



Білім және ғылым министрлігінің  
2000 жылғы 15 мамырдағы N 463  
бұйрығына қосымша N 2

Қазақстан Республикасы кәсіптік лицейлерінің қызметін  
ұйымдастыру тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер.

1. Кәсіптік лицей - жалпы орта, бастауыш кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және біліктілігі жоғары деңгейдегі жұмысшы кадрларын даярлауды жүзеге асыратын орта оқу орны.

2. Кәсіптік лицей Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына, кәсіптік бастауыш білім беру жүйелерінің ережелеріне, осы Ережеге және кәсіптік лицейдің жарғысына негізделген, аттестаттаудан өткен таңдаулы кәсіптік мектептің негізінде құрылады.

3. Кәсіптік лицей заңды ұйым, жеке мүлкі, мемлекеттік тілде көрсетілген ұйымның мөрі, таңбасы, әрі заңға сәйкестендірілген есеп айыру шоты болады.

4. Кәсіптік лицей жеке оқу жүйесі болып құрыла алады, сонымен қатар олар өз еріктерімен әртүрлі дәрежедегі оқу орындары мен оқу-өндірістік құрамына е н е а л а д ы .

5. Кәсіптік лицей білім беру құқына лицензия беру уақытынан бастап ие б о л а д ы .

6. Кәсіптік лицейді құру, қайта құру және тарату жұмыстары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. Оқушыларды қабылдау және олардың оқуды бітіру тәртібі

7. Оқушыларды қабылдау тәртібін, білім саласындағы орталық атқарушы органдар бекіткен, аталған оқу орнына оқушыларды қабылдау туралы үлгі Ережеге сәйкес, кәсіптік лицейлер белгілейді.

8. Көшіру және толық курсты бітіру емтихандары Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқушыларды келесі курсқа көшіру, аттестациялау және оқуды бітіру туралы нұсқауларына сәйкес жүргізіледі.

3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

9. Кәсіптік лицейдегі оқу-тәрбие процесі, бастауыш және орта кәсіптік білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес іске асырылады.

10. Оқу жоспарларын, бағдарламаларын және оқу процесінің күнтізбелік кестесін әзірлеу мен бекіту кәсіптік лицейдің құзырына кіреді.

11. Кәсіптік лицейдегі оқу топтарының саны 25 оқушыдан артпауы керек. Бюджеттен тыс қаржы көздерін тапқан кезде жергілікті білім беруді басқару органдарымен келісе отырып, шағын оқушылар топтарын құруға болады.

#### 4. Кәсіптік лицейді басқару

12. Кәсіптік лицейді басқару Қазақстан Республикасының Заңына, осы

Ережеге және оқу орнының жарғысына сәйкес жүргізіледі.

Кәсіптік лицейді басқару алқалық пен дара басшылық принциптері негізінде жүзеге асырылады.

Алқалық басқару нысандарына: кәсіптік лицей кеңесінің мәжілісі, камқорлық жасаушы кеңес, жалпы жиналыстар және педагогикалық (әдістемелік ) кеңес, т.б. жатады.

Кәсіптік лицейді тікелей басқаруды құрылтайшы тағайындаған басшы жүргізеді.

13. Кәсіптік лицейдің басшысы өзінің орынбасарын білім беру басқармаларының өкілетті органдарымен келісе отырып тағайындайды және қызметтен босатады.

14. Кәсіптік лицейдің оқу-тәрбие процесін, мамандарды таңдауды және орналастыруды, ғылыми, шаруашылық-қаржыландыру және тағы да басқа қызметтерді Қазақстан Республикасында белгіленген заңдар шегінде, дербес жүзеге асырады.

15. Кәсіптік лицейлер қызметкерлерінің құқығы мен міндеттері оқу ұйымының жарғысы, ішкі тәртіп ережелері және лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады.

5. Мемлекеттік кәсіптік лицейдің қызметін қаржылық-шаруашылық және құқықтық жағынан қамтамасыз ету

16. Мемлекеттік кәсіптік лицейді қаржыландыру Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекіткен қаржыландыру нормативтерінің негізінде бір білім алушыға шаққандағы бюджет есебінен жүзеге асырылады.

17. Мемлекеттік кәсіптік лицей заңды негізде білім беру және өзге де ақылы қызметтер көрсетуге құқылы.

Ақылы білім беру қызметін мемлекеттік білім беру тапсырысының шеңберінде қаржыландыратын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетуге болмайды.

18. Кәсіптік лицей өзге қаржылық және материалдық түсімдерді, оның ішінде валюталық түсімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ұстауға құқылы.

#### 6. Кәсіптік лицейдің халықаралық қатынасы

19. Кәсіптік лицейдің халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңдары және халықаралық шарттар, келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

20. Кәсіптік лицей Қазақстан Республикасы заңдарымен бекітілген тәртіпте шетелдік білім, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен ынтымақтастық жағдайда екі жақты және көп жақты шарттар жасасуға, білім саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен (қауымдастықтармен) тікелей байланыс жасауға құқылы.

Оқығандар:

Икебаева А.Ж.

Қасымбеков Б.А.